

**Аққайың жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу
жылындағы психологиялық қызметі бойынша жасаған
жұмыстарының жылдық
Е с е б і**

2023-2024 оқу жылы психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттері психологиялық қызметтің мақсаты – білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

1.Әдістемелік бағыт

Психолог кабинетіндегі әдістемелік база жинақталып, қалыпқа келтірілді.

2. Диагностика бағыт-25 .

1-5 класс оқушылардың мектепке бейімделу мәселесі: зерттеу, бақылау жұмыстары жүргізілді. 1-ші класс оқушылардың мектепке бейімделу деңгейін анықтауда И.Керн әдістемесі алынды. 5-ші класс оқушылардың орта буынға бейімделу деңгейін анықтауда Н.Г.Лусканованың «Оқу мотивациясы» әдістемесі алынды. Танымдық, тұлғалық даму деңгейін анықтау мақсатында өзін-өзі бағалау, темперамент анықтауға арналған әдістемелер мен тренингтер мен акциялар жүргізілді.

8-9-10-11 класс оқушыларына DASS сауалнамасы алынды.

9-11 сынып білім алушыларымен кәсіптік бағдарлау бойынша Мамандықтар әлемі психологиялық тренинг өткізілді.

Мамандық таңдау мәселесі бойынша түсіндіру, кеңес беру, түзету – дамыту жұмыстары жүргізілді.

6-11 класс білім алушыларының танымдық қабілеттерін диагностикалау жұмысы жүргізіліп, берілген ұсыныстар мен кеңестар бойынша түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.

10 класс білім алушыларының мектепке бейімделу деңгейін және танымдық, тұлғалық даму деңгейін анықтау мақсатында көру арқылы есте сақтау деңгейін, зейін процесінің даму деңгейін, мазасыздық деңгейін, мектеп мотивациясы, өзін өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған әдістер мен жаттығулар жүргізілді.

11 класс білім алушыларымен «Менің болашақ мамандығым, ҰБТ-ға сеніммен барайық, мейірімділік, түлектерді емтиханға психологиялық тұрғыдан дайындау» тренинг сабақтар жүргізілді. Оқушылармен аффирмациялар айтқызып, жеке кеңес берілді

Т.В.Артемыеваның қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығуларын 1-4 класс оқушыларына өткізілді.

2-3 сынып оқушыларынан «Кактус» жобалау әдістемесі алынды. Баланың өз отбасы және оның алатын орны туралы анықтау мақсатында 3-4 сынып оқушыларынан «Менің отбасым» әдістемесі алынды.

Жеке адамның типін анықтау мақсатында 7-11 сынып оқушыларынан Голланд әдістемесі және 5-7 сынып оқушыларынан Р. Гудман сауалнамасы алынды.

3. Кеңес беру бағыты-7

Балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту мәселелері, бейімделу мәселелері бойынша педагогтарға, ата-аналарға кеңестер берілді. Жасөспірімдердің жыныстық қолсұғалмаушылығына қатысты зорлық пен қастандықты болдырмауға байланысты Қалалық прокуратураның ескертпелері ата-аналарға, мұғалімдерге, оқушыларға таратылып, ескертілді. «Қауіпсіз интернет», бейімделуге байланысты ата-аналарға оқушыларға психологиялық бағыттар бойынша топтық, жеке консультациялар жасалды.

4. Түзету-дамыту бағыты-12

Педагогтардың, ата-аналардың бойынша дербес –коррекциялық көмек жұмыстары жасалды. Оқушыларға топтық коррекциялық жұмыстар жасалып, кеңестер берілді.

«Сенім жәшігіне» хат түспеді. 3-4 класс оқушыларына «Із кесуші», 5-7 сынып оқушыларына «Құпия дос» психологиялық акциялары өткізілді. 1 сынып оқушыларына психомоториканы дамытуға арналған жаттығулар өткізіліп, 5 сынып оқушыларынан танымдық жаттығулар «Шульте» кестесі, «Струп-тест» алынды. 5-7 сынып оқушыларына «Ақ қағаздағы адам» жаттығуы, «Жарнама» жаттығуы, 8-11 сынып оқушыларына «Мен өзімді мақтай аламын» сабақтары өткізілді.

5. Ағарту және профилактикалық бағыт-21

Мектеп педагогтарымен, орта, жоғарғы буын ана-аналарына баланың алдына мақсат қоя білуге үйрету бағытында дәрістер оқылып, кеңестер берілді.

11 класс оқушыларымен мандала жұмыстарын жүргізіп, ой-өрістерін дамытып, психологиялық әдіспен көмек берілді.

Емтиханға психологиялық дайындық маңызы ата-аналарға арналған дөңгелек үстел өткізілді. Сұраныс бойынша 11 класс оқушыламен жеке дара сөйлесу.

9- кластар үшін «Мереке» психологиялық акциясы жүргізілді.

Тренинг жоспар бойынша өтті. Тренинг қатысушы оқушылар жаттығуларға белсенді қатысып, әңгімелесу, пікірталас барысында өз ойларын жеткізе білді.

«Бакытты бала-болашағы жарқын бала» ойын тренингі ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға өткізілді. Нашакорлық-қауіпті індет алдын алу міндет 5-11 класс арасында көрме өткізілді. 7-8 класс оқушыларына «Зиянды заттардан аулақ бол», «Интернет тәуелділіктің алдын алу» тақырыбында тренинг өткізілді.

Қаңтар айында девиантты мінез-құлықтың алдын алу(құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің алдын алу) бағытында іс-шаралар ұйымдастырылды. «Қызға қырық үйден тыйым» атты қыздар жиналысы өткізілді. Жиналысқа 9-11 класс қыздары және ауыл медбикесі Дауренбек Диана қатысты. Дауренбек Диана қыздарға ерте жүктіліктің зияны мен алдын алу тақырыптарына тоқталып, қыздарға өз кеңесін айтты. Қыздарға тақырыпқа сай бейнеролик, презентация көрсетілді. Қыздар өз ойларын, сұрақтарын ашық айта алды. Жиналыс барысында қыздар көптеген мәлімет ала алды.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағыты бойынша 6-8 класс оқушылары арасында «Мен және менің ортам» тақырыбында тренинг өткізілді.

Педагогикалық ұжыммен «Менің педагогикалық ұстанымым» атты арт терапия өткізілді. «Жасөспірімдердің суицидалды мінез -құлқы» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Педагогтердің шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында тренинг өткізілді.

«Баламның мамандық таңдауына менің үлесім» тақырыбында 9-11 класс ата-аналары арасында дөңгелек үстел өткізілді.

1-11 класс ата-аналарына «Ата-ана махаббаты» тақырыбында бейнеролик көрсетілді.

Жасерекшелік психологиясы бойынша ата-аналар мен ұстаздарға дәріс өткізілді.

Балалар мен жасөспірімдер арасында буллингке қарсы сана сезімін қалыптастыру, осы қауіпті әлеуметтік құбылысқа белсенді қарсы тұруға ұмтылысын тәрбиелеу мақсатында оқушыларға «Буллингке жол жоқ» тақырыбында бейнероликтер көрсетіліп, психологиялық сағаттар өткізілді.

6. Эксперттық бағыт

Оқушылардың мектепке ортаға бейімделуі, ата-аналар жиналысына қатысу, құқықбұзушылықтың алдын алу, зерттеу нәтижелерін толтыру, бақылау, оқушылардың мамандық таңдауға бейімділігін талқылау.

Қорытынды: Аққайың жалпы білім беретін мектебі бойынша психологиялық қызмет жұмыстары жоспарға сәйкес орындалды.

Мектеп директоры:

Мектеп психологы:

Г.К.Закирова

Г.Н.Әбілхаева

